

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№35
(957)

Дүйсенбі, 29 тамыз 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Егістік күні - 2016

АЛҚАПТАРҒА АТТАНЫС АЛДЫНДА

«Адамзаттың бүгінгі мен ертеңінің негізгі құндылығы – аграрлық кешен». Н.Назарбаев.

Өткен аптада аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміровтің басшылығымен «Гусаковка» ЖШС-гі базасында орақ науқанына байланысты дәстүрлі аудандық «Егістік күні» семинар-кеңесі болып өтті.



Семинар Гусаковка ауылына кіре берістігі автожолдың сол жақ бетінде ұйымдастырылған ауыл шаруашылығы техникаларының көрмесімен бастау алды. Ұйымдастырылған көрмені көпшілікпен тамашалаған Ағзам Ахметжанұлы ауданның орақ науқанына жұмылдырылатын техника паркінің ахуалын бағалады.



Аудан аграрийлері Гусаковка орта мектебінде ұйымдастырылған пленарлық мәжілісте биылғы орақ науқанын ұйымшылдықпен өткізудегі басты мақсаттарды саралады. Талқыланып отырған мәселе төңірегінде аудан әкімінің орынбасары Аманбек Махметов бүгінгі күні ауданымызда ауыл шаруашылығы саласында атқарылып жатқан жұмыстар мен орақ науқанына дайындық барысы туралы баяндама жасады.

Сонымен қатар А.И.Бараев атындағы ауыл шаруашылығы ғылыми-өндірістік орталығының жетекші ғылыми қызметкері Виктор Юрченко, «Солтүстік Қазақстанның тұқым сұрыптау тәжірибе станциясы» ЖШС-нің ғылыми жұмыс бойынша директорының орынбасары Александр Пигалевтер егістік алқаптарындағы өнімнің жетілуі, ылғалдың мөлшерден тыс түскені және тұқым сапасы жайында хабардар етті.

Жарыссөзге шыққан Айыртау ауданының төтенше жағдайлар бөлімінің бас маманы Есмағам Сейтжан орақ науқаны кезіндегі өрт қауіпсіздігіне тоқталса, «Гусаковка» ЖШС-нің директоры, аудандық мәслихаттың депутаты Навои Сердалін өз шаруашылығындағы орақ науқанының барысы жайлы баяндады.

Семинар-кеңесті қорытындылаған аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы Қазақстан экономикасында маңызды орынға ие болып отырған ауыл шаруашылығы саласын көркейтуде бүгінгі кеңеске қатысушы әрбір шаруашылық мүшелерінің қарқынды үлес қосулары қажеттігін, егін шаруашылығымен қатар мал шаруашылығын да қолға алу керектігін ескертіп баса айтты. Шаруашылық басшылары мен ауылдық округ әкімдеріне және жекелеген мекеме мен ұйымдар басшыларына бүгінгі кеңесте айтылған мәселелерден ой түйіп, өрт қауіпсіздігін қатаң сақтай отырып, егін орағын жаппай және қарқынды жүргізу бойынша бірқатар тапсырмалар берді.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы

1998 жыл

№6. 6.02. 1998 ж. Өңірімізде Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаторы Қайролла Ғазезұлы Ескендіров жұмыс сапарымен болды.

№10. 6.03. 1998 ж. «Бәрі де өзімізге байланысты». Аудандық әкімдікте аудан әкімі Армия Әбілқайыров коллегия мәжілісін өткізді. Онда үстіміздегі жылдың қаңтар айында ауданның әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасалып, салық комитетінің өткен айда атқарылған жұмыстарының есебі тыңдалды.

№49. 27.11.1998 ж. «Көшелерге жарық жағылды». Қараңғылық түсісімен аудан орталығында көптеген кәсіпорындар мен ұйымдарының албарларында, көшелерде аудан әкімдігінің мұрындық болуымен көше фонарьлары жағылды.

№53. 25.12.1998 ж. «Сайлауға дайындық туралы». Аудандық әкімдікте аудан әкімі Армия Әбілқайыровтың төрағалығымен сайлау науқанына дайындықтың барысы туралы алқалы жиын болып өтті. Онда 1999 жылдың 10 қаңтарына белгіленген Қазақстан Республикасында Президент сайлауын өткізу және дайындығы туралы аудандық сайлау учаскелері төрағаларының ақпараттары тыңдалды.

Аудандық «Айыртау таңы» газеті. 1998 жыл

Ұстаздардың тамыз кеңесі

БІЛІМДІ ЕЛ - МӘНГІ ЕЛ

Тамыздың 26-ы күні осындай тақырыппен №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясында ауданның білім беру қызметкерлерінің дәстүрлі тамыз кеңесі болып өтті.

Тамыз кеңесінің алдында әрбір мектептің оқу-әдістемелік жетістіктерін, білім берудегі өзіндік дәстүрі мен ізденістерін көрсететін көрме, «Табиғат сыйы» жәрмеңкесі ұйымдастырылды.



Аудан мұғалімдерінің тамыз кеңесіне қатысқан аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров мектеп ауласындағы «Табиғат сыйы» жәрмеңкесі мен аудан мектептерінің көрмесін аралап көрді.

Үстіміздегі жылғы тамыз кеңесінің басты мақсаты — аудандағы білім беру жүйесінің инновациялық тұрғыдан дамуының басымды бағыттарын анықтау, білім беру стратегиясын жаңа мазмұндағы білім беру бойынша «Мәңгілік ел» Ұлттық идеясының аясында ұғыну.

№1 Саумалкөл орта мектебі оқушыларының ауданның ұстаздар қауымына арнаған жүрежарды тілектері кеңестің ажарын аша түсті.

«Білімді ел – мәңгі ел» тақырыбында ауданның білім бөлімінің басшысы Сайрамбек Жақыповтың баяндамасында өткен оқу жылының жетістіктері мен кемшіліктеріне қорытынды жасалынып, жаңа оқу-жылының міндеттері айқындалды.

Баяндаманы талқылауда сөз алған Лавровка ОМ-нің директоры Павел Щеголев, Н.Назарбаев білім беру қорының консультанты Федор Вассерман Мәдениет ОМ-і директорының орынбасары Бұлбұл Қалдарбекова, «Со-мат» компаниясының директоры Наталья Севостьянова, Лобаново ауыл шаруашылығы колледжі директорының орынбасары Татьяна Крейк және Каменный Брод ОМ-і ата-аналар комитетінің төрайымы Ләззат Қоспановалар жас ұрпаққа білім беру жолындағы стратегиялық бағыттары жөніндегі ойларымен бөлісті.

Аудан ұстаздарының алдында биылғы жылы жоғарғы оқу орындарын аяқтап келген жас мамандар өздерінің жүрежарды алғыстарын жолдаса, Бірлестік ОМ-нің директоры Әнуарбек Махметов жас мамандарға ақ жол тіледі.

Тамыз кеңесіне қатысқан Солтүстік Қазақстан облыстық Білім басқармасы басшысының орынбасары Владимир Ткаченко облыс ұстаздарының жеткен жетістіктері мен білім саласындағы ауқымды маңызды мәселелеріне тоқтала кетті. Сонымен қатар Владимир Сергеевич білім беру жүйесінде

жеткен жетістіктері үшін Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігінің Құрмет грамотасымен жетім және ата-араларының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған Айыртау мектеп-интернатының тәрбиешісі Александр Антоновты марапаттаса, облыстық білім басқармасының Құрмет грамоталары мен Алғыс хаттарын Нұрзайып Қожахметоваға, Әсия Ахметоваға, Гүлнар Айтымоваға, Людмила Батраковаға, Алтынжан Қазкееваға

(суретте), Мағжан Қоқановаға, Зоя Пивоваренкоға, Жанат Шынғожинге, Серік Елемесовке, Ботагөз Ибраеваға, Айгүл Қайыржановаға, Анна Корскаяға, Әсел Құсайыноваға, Жаңылған Саликоваларға табыстады.

Аудандық педагог қызметкерлерінің тамыз кеңесінде аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы ұстаздарды жаңа оқу жылымен құттықтап, өз кезегінде аудандағы білім беру саласындағы атқарылған жұмыстар мен жіберілген кемшіліктерге де тоқталды.

— Ауданның білім саласы қызметкерлерінің «Білімді ел - мәңгі ел» дәстүрлі тамыз кеңесі өліміз және облысымыз үшін маңызды кезеңде өтіп отыр. Биылғы жылы ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығы мен облысымыздың 80 жылдығы атап өтілуде. Бұл мерейлі межеде біз қол жеткізген табыстарымызды сөз етіп қана қоймай, ауданның білім беру саласын қарқынды дамыту бойынша мақсат-міндеттерді белгілеп алудымыз қажет.

Біз халықаралық талаптарға сай 12 жылдық білім беру жүйесіне қадам бастық. Елбасы Н.Ә. Назарбаев ұсынған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарында білім беру сапасын арттыру, кәсіби мамандар даярлау, бәсекеге қабілетті экономиканы дамыту бойынша маңызды міндеттер көрсетілген. Біз алдағы жұмысымызды сол міндеттерді тиімді іске асыру аясында жоспарлайтын боламыз - деді аудан әкімі.

Одан кейін сахна төрінде аудан әкімі Ағзам Тастеміров өткен оқу жылының қорытындысы бойынша сапалы білім мен тәрбие жұмысында зор жетістіктерге жетіп, материалдық-техникалық базасының сақталуы мен нығаюына жағдай жасағаны және жаңа оқу жылына дайындық сапасының жоғарылығы үшін бірнеше аталымдар бойынша үздік мектептерге арнайы дипломдар мен сертификаттар табыстады.

Мұғалімдердің дәстүрлі тамыз конференциясының соңы Константиновка орта мектебі ұжымының шағын концертіне ұласты.

Бағлан КЕНЖЕБАЙҰЛЫ.
Суретті түсірген Наталия ЕРЕМЕНКО.

Акция

«АҚ ОРАМАЛ» – ТАТУЛЫҚҚА ШАҚЫРАДЫ

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV халықаралық саммитте жариялаған «Әлем. XXI ғасыр» манифесін баянды ету мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы «Ақ орамал» республикалық акциясын өткізуге бастама көтерген еді. Акцияның басты мақсаты – қазақстандықтарды шығу тегіне, олардың діни, әлеуметтік, басқа да ерекшеліктеріне қарамастан, бейбітшілік идеясы аясына шоғырландыру болып табылады. Осы акцияны қолдау мақсатында және Семей ядролық полигонының жабылуына 25 жыл толуына орай осынау игі шара ауданымызда да жалғасын тауып отыр.

Игілікті шара ақ жаулықты аналар, ұстаздар, аудан қызметкерлері мен оқушылардың Ұлы Отан соғысында қаза тапқандарға арналған «Даңқ» монументі мен Ауған соғысының боздақтарына арналған ескерткішке гүл шоқтарын қоюмен басталды.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздері композициясы жанын-

да өткен жиынның ашылу салтанатында сөйлеген аудан әкімінің орынбасары Мағруза Науанова осындай игі шара бейбітшілік пен татулықты дөріттейтінін айтса, аудандық әйелдер кеңесінің төрайымы Айсұлу Нұрбахтинова акцияның «Ақ орамал» атану себептеріне тоқталды. Ол ақ түстің тазалықты бейнелейтінін айта келіп, ел арасында дау-дамай орын алған жағдайда әйел-ана басындағы орамалын шешкенде талай қантөгістің алдын алғаны жайлы жиналған қауымға әсерлі түрде өңгімелеп берді.

Сонан соң ауданның ақ жаулықты әжелері өскелең жас ұрпақ өкілдерінің басына ақ орамал жапты.

Шара соңы аудан әншілері мен бишілерінің бейбітшілік, татулық, келісім тақырыбындағы әндер мен тамаша билеріне ұласты.

Өз хабарымыз.

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

№36
(958)

Бейсенбі, 1 қыркүйек 2016 жыл

Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1993 жылдың қаңтарынан шығады

Мереке мезеті

АЙБАРЫ АСҚАҚ – АТА ЗАҢ



30 тамыз – Ата Заңымыздың қабылданған күні. 1995 жылы республикалық референдумда қайта қабылданған Конституциямызға биыл 21 жыл толып отыр.



әрі демократиялық дамуының қоғам мен адам мүдделерін қорғаудың көптігіне айналды. Қазақстанның өз дамуының 25 жылы ішінде қол жеткізген табыстарының барлығы – егемендік пен сенімді құқықтық негіздің жемісі.

Еліміздің көпұлтты халқының достығын нығайту мен қоғамдық келісімді қамтамасыз етуде Конституцияның рөлі зор. Ата Заңның: «Біз ортақ тарихи тағдыр біріктірген Қазақстан халқы...», – деп басталуы тегіннен-тегін емес. Түпкі мақсатымыз – еліміздің тәуелсіздігін баянды ету, халқымыздың ұлы болып өркендеуіне жол ашу. Болашақ ұрпақтың жүзін жарқын ететін бұл мақсатқа біз асқан табандылық пен ел бірлігін сақтай отырып қана қол жеткізе аламыз. Баршаңызды бүгінгі мерекемен шын жүректен құттықтаймын, дендеріңізге саулық, отбастарыңызға амандық тілеймін, – деді аудан әкімі Ағзам Ахметжанұлы.

Салтанатты жиын барысында аудан басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі үшін облыс әкімінің Құрмет грамотасын «Колосок» ясли-бақшасының меңгерушісі Жанаргүл Ахметоваға табыстаса, ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлестері үшін және Қазақстан Республикасы Конституциясы күнін мерекелеу қарсаңында ауданның ішкі саясат бөлімінің бас маманы Гүлжан Жұмағалиеваны, армреслингтен екі дүркін Азия жеңімпазы, Қазақстан Республикасының жеңімпазы Павел Новиковты, Айыртау ОАА-ның медбикесі Әнипа-Бабиша Нұртазиналарды аудан әкімінің Құрмет грамоталарымен марапаттады. Ал «Көкшетау» МҰТТП Айыртау филиалының аға шебері Қайролла Асқаровқа, ауданның білім бөлімінің бас маманы Сәңдігүл Құсайыноваға, аудандық пошта байланысы торабының жүргізуші-инкассаторы Талғат Мұқажановқа, Айыртау ОАА-ның санитары Галина Петриченкоға және «Айыртау-Су» кәсіпорынының механизаторы Роман Шепелевтерге аудан басшысының Алғыс хаттары табысталды.

Сондай-ақ аудан әкімі «Нұр Отан» партиясы Солтүстік Қазақстан облыстық филиалы төрағасының бірінші орынбасарының Алғыс хаттарымен Айыртау ОАА-ның



Осы күнгі мерекелік шара орталық алаңда 5510 әскери бөлімнің сарбаздарының шеруімен бастау алды.

Салтанатты мерекелік шараға жиналған жұртшылықты құттықтаған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров Ата заңымыздың мән-маңызына, қадір-қасиетіне тоқталды, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуы жолында атқарылып жатқан ірі істерді де тілге тиек етті.

Конституция адамды, оның құқығы мен бостандығын мемлекеттің ең қымбат қазынасы деп жариялады. Ол барша азаматтардың тең құқықтығының және еліміздің одан

медбикесі Бағит Елубаеваны, Қарақамыс НМ-нің мұғалімі Ләзиз Жапарованы, Имантау ауылының әлеуметтік қызметкері Татьяна Килихты және Арықбалық ауылдық кітапханасының кітапханашысы Ольга Сушенколарды марапаттады.

Сонан соң Ағзам Ахметжанұлы салтанатты түрде 16 жасқа толған ауданымыздың бір топ жас азаматтарына Қазақстан Республикасының жеке куәліктерін табыс етті.

Мерекелік салтанатты шара Солтүстік Қазақстан облыстық филармониясы ұжымының мерекелік концертіне ұласты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар және оқушылар!



1 қыркүйек Білім күнімен шын жүректен құттықтаймын!

Дәл осы күннен бастап, алғашқы қоңырау үнімен бірге, әр адам өмірінде жеке тұлға және азамат ретінде қалыптасу кезеңі басталады.

Бұл күні біздің кішкентай азаматтарымыз алғашқы рет әлемді тануға керемет жол ашатын мектеп табалдырығын аттағалы тұр. Болашақ мектеп түлектері үшін бұл өздерінің өмір жолын таңдауда ерекше маңызы бар шешуші жыл.

Сіздер, білімді дамытуға, жастардың азаматтық және кәсіби қалыптасуына мемлекеттің көрсетіп отырған қамқорлығының куәгерлерісіздер. Елбасы Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев «Қазақстан - 2050» ұзақ мерзімді Стратегиясында білім беру жүйесі алдына сапалы білім үдерісін қалыптастырып, жан-жақты дамыған, жаңашылдыққа құштар оқушылар қауымын тәрбиелеу мақсатын қойды.

Бүгінде талантты және дарынды жастарды дамыту мәселелеріне зор көңіл бөлінуде, олардың зияткерлік, рухани және физикалық мүмкіндіктерін жүзеге асыру үшін жағдай жасалып жатыр. Бұл мақсатта «Болашақ» бағдарламасы, 20 Назарбаев зияткерлік мектебі, Назарбаев Университеті бой түзеп, сапалы білім беруде.

Жас ұрпақтың мектеп қабырғасынан білім мен жарасымды тәрбие алып шығуына ауданымызда да барлық жағдайлар жасалып, мектептердің материалдық-техникалық базасы жыл сайын жақсара түседі.

Құрметті ұстаздар, ата-аналар, оқушылар!

Сіздерді Білім күнімен шын жүректен құттықтауымды қабыл алыңыздар! Сіздерге зор денсаулық, өмір жолдарыңызға тек табыс пен шығармашылық жетістіктер тілеймін.

Ағзам ТАСТЕМИРОВ,
Айыртау ауданының әкімі.



ТӘУЕЛСІЗДІК ШЕЖІРЕСІ

Айыртау ауданы
1999 жыл

№1. 1.01.1999 ж. «Жұрт сенген өкілмен кездесу». Аудан әкімдігінің мәжіліс залында Қазақстан Республикасы Президентітігіне кандидат Н.Ә.Назарбаевтың сенімді өкілі, Республикалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Мақтай Рамазанұлы Сағдиевпен кездесу болып өтті.

Кездесуде Мақтай Рамазанұлы еліміздің үлкен ел тағдыры шешілетін саяси науқан қарсаңында тұрғанын, яғни Президент сайлауы жайына кеңінен тоқталды.

«Шаңғы жолында». Имантау ауылында шаңғышылардың аудандық жарысы болып өтті. Аталмыш жарысқа 40 шаңғышы қатысты.

Сонымен қатар аудан орталығында шахмат пен дойбыдан да аудандық жарыс болып өтті. Барлық жеңімпаздар арнайы дипломдармен марапатталды.

№5. 29.01.1999 ж. «Комиссия іс үстінде». Аудан әкімдігінде ауыл-село тұрғындарының санақ жұмысын жүргізуге ықпал ететін аудандық санақ комиссиясының төрағасы, аудан әкімінің орынбасары Болат Рақымов комиссияның кезекті мәжілісін өткізді. Онда 1999 жылдың 25 ақпанынан 4 наурызына дейін өтетін санақ жұмысының кейбір ұйымдастыру мәселелері сараланды. Мәжілісте комиссияның әрбір мүшесіне санақ науқанын ұйымшылдықпен өткізу жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

№8. 26.02.1999 ж. «Мәслихаттың XXVI сессиясы». Өткен жұма күні аудандық мәслихаттың XXVI сессиясы болып өтті. Сессияда «Айыртау ауданының 1999 жылға арналған бюджетінің жобасы», «Ауданда жалпы білім беру мекебінде оқу ісін және тәрбие жұмысын жетілдіру» туралы мәселелер талқыланды. Аталмыш мәселелер бойынша тиісті шешім қабылданды.

№6. 26.03.1999 ж. «Ұлыс оң болсын». 22 наурыз күні аудан орталығында Наурыз мейрамы аталып өтті. Аудан жұртшылығын сахна терінде аудан әкімі Армия Әбілқайыров айтулы көктем мерекесімен құттықтап, баршасына зор денсаулық, молшылық, татулық пен бірлік тіледі. Сонымен қатар алаңда ақ шаңқан киіз үйлер де тігіліп, аға буын өкілдеріне құрмет көрсетілді. Сондай-ақ, ауа-райының суықтығына қарамастан түрлі ұлттық спорттық шаралар ұйымдастырылды.

Аудандық «Айыртау таңы» газеті. 1999 жыл

Орақ – 2016

Аудан егінжайларында

Аудан бойынша
биылғы орақ науқаны
қыза түсуде.

Ауданның ауыл шаруашылығы бөлімінің 31 тамызда берген мәліметі бойынша 116,7 мың гектар (38%) алқаптың дәнді-дақылдары орылып, 80,8 мың гектары (27%) дестеге түсірілді. Егіннің орташа шығымдылығы гектарына 18 центнерден айналууда.

Ал майлы дақылдардың 13,5 мың гектары (31%) орылып, 9,5 мың гектар (22%) алқаптың майлы дақылдары дестеге түсірілді. Орташа шығымдылығы гектарына - 9,5 центнерден айналууда.

Жақсы қарқынмен келе жатқан «Бабық - Бұрлық», «Златогорка», «Жарқын СК» және «Баянтай» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері биылғы орақ науқанының көшбасында келеді.



Мереке қарсаңында

ТАТУЛЫҚ ПЕН БІРЛІКТІҢ ҮЛГІСІ – КОНСТИТУЦИЯ



Қазақстан Республикасы Конституциясының 21 жылдық мерекесі аударымында маңызды бірқатар кәсіпорындар мен әлеуметтік-мәдени нысандардың салтанатты ашылуымен бастау алды.


29 тамыз күні Саумалкөл ауылында жаңа газ құю автобекетінің салтанатты ашылу рәсімі болып өтті.

Жеке кәсіпкер, газ құю автобекетінің басшысы Владимир Черепанов өз сөзінде жаңадан ашылып отырған автобекет тұрғындарды жаңа жұмыс орындарымен қамтып, болашақта автокөліктерді жөндеу шеберханасының салынуы арқасында қосымша жұмыс күштерінің көбейетініне тоқталды.

Жаңа газ құю автобекетінің жұмысын аудан басшысы мен жеке кәсіпкер Владимир Михайлович іске қосты. Осы күні ауданның туризм саласы да тағы да бір демалыс



Салтанатты ашылуға ауыл тұрғындарын айтулы оқиғалармен құттықтаған аудан әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы Ағзам Тастеміров: «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай және еліміздің Ата Заңының 21 жылдығы қарсаңында бұл жобаның іске асырылуы барлығымыз үшін маңызы зор. Осы нысанның жұмысы – тұрғындарға қызмет ету саласының жағдайын арттыратынына күмәміз жоқ» - дей келе, барша ауыл тұрғындарын Қазақстан Республикасының Конституциясы күнімен құттықтап, оларға зор денсаулық, еңбектеріне табыс, көздеген мақсаттарына жетулерін тіледі.



орталығымен толықты. Шалқар көлі маңында жеке кәсіпкер Ербол Махметовтің «Ажар» демалыс орталығы ашылды. Салтанатты ашылуға қатысқан аудан басшысы Ағзам Ахметжанұлы мен жеке кәсіпкер Ербол Сейілбекұлы демалыс орнының салтанатты таспасын кесті. Жаңадан тұрғызылған төрт орынды және екі орынды жаңа үйлер демалушылар үшін қызмет етпек.

Келесі тамыздың 30-ы күні аудан орталығындағы «АПК Игілік Продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің сыйымдылығы 25 мың тоннаға шақталған шағын элеваторы іске қосылды. Аталмыш инвестжобаның директоры Рафиса Фатыховтың айтуынша іске қосылып отырған жаңа шағын элеваторы 10-12 адамды тұрақты жұмыспен қамтып отыр.

Салтанатты түрде аудан әкімі Ағзам Тастеміров пен Рафиса Фатыховтар жаңа элеватор жұмысын іске қосты. Ауданның спорт саласы да осы күні айтулы оқиғаларға толы болды. №2 Саумалкөл мектеп-гимназиясы жанынан шағын футбол алаңы ашылды. Заманауи үлгідегі 20x40 көлеміндегі жасанды жасыл желекпен жабылған футбол алаңы жас жеткіншектердің сүйіп ойнайтын спорт алаңына айналмақ. Аудан орталығындағы білім ошақтарының жас футболшыларының жолдастық кездесуінің алғашқы добын аудан басшысы ойынға қосты.

Бағлан ҚОЖАҚОВ.
Суреттерді түсірген автор.




Тағзым

МАЛАЙСАРЫ ТАРХАН

Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған Ұлы Дала Елі фестивалі аясында Павлодар қаласының «Баянауыл» ойын-сауық кешенінің алдында Бәсентінін Малайсары батырға ескерткіш ашылды.

Ескерткіштің ашылу салтанатына облыс әкімі Болат Бақауов, «Малайсары тархан» қоғамдық қорының президенті Тито Сыздықов, ғарышкер Тоқтар Әубәкіров және өзге де құрметті қонақтар қатысты.



Ескерткіш бірнеше архитектуралық элементтен құралған, барлығы 10 метр биіктікті құрайтын композициядан тұрады. Қоладан құйылған зәулім ескерткіштің авторы – танымал мүсінші Қазақстан суретшілер Одағының мүшесі Болат Құсайынов.

Салтанатты шараның құрметті қонағы ҚР Халық қаһарманы, қазақтан шыққан тұңғыш ғарышкер Тоқтар Әубәкіров павлодарлықтарды мерекемен құттықтай отырып: «Бұл іс өскелең ұрпаққа үлгі және батыр бабамыздың аруағы жерлестерін әрдайым қолдап жүрсін» - деді. Орнатылған ескерткіш Ертіс өңірінің жомарт азаматтарының ел Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арнаған павлодарлықтарға тартуы еді. Ұлы қолбасшы Абылайхан өзінің үзеңгілес серігі жөнінде – «Батырларымның арасында байлығымен де, батырлығымен де, табандылығымен де ерекшеленетін бәсентінін Малайсарының мен үшін орны бөлек, мәртебесі жоғары.» - деген екен.

Жиналған жұртшылық ғалымдар мен тарихшылардан арнау сөздер мен қатар құнды ақпараттарға қанық болып, соңында ескерткішке гүл шоқтарын қойды.

Фестиваль барысында Баянауылдағы Ескелді шатқалында орналасқан қазақтың көрнекті ақыны, тарихшы, фольклортанушы Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының кесенесінің басына заманға сай қонақүй пайдалануға берілді. Талапқа сай жабдықталған екі қабатты ғимараттың ішінде кітапхана, асхана және мұражайда орын тапқан. Мұнда бабамыздың өсиетін бойға сіңіріп, рухына тағзым етіп келушілерге барлық жағдай жасалған.

Ерсін ТАҚЫРБАСОВ,
ҚР Көркемөнер Академиясының корреспондент мүшесі.
Суретте: ескерткіштің авторы Б.Құсайынов пен жерлесіміз Е.Қасқиұлы.

Семей ядролық полигонының жабылғанына 25 жыл

АҚ ОРАМАЛ - АҚ ТІЛЕК

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Вашингтон қаласында өткен Ядролық қауіпсіздік жөніндегі IV саммитте жариялаған «Әлем. XXI ғасыр» манифестінің ілгерілету және Семей ядролық полигонының жабылуына 25 жыл толуын атап өту мақсатында Қазақстан халқы Ассамблеясы жанынан құрылған Аналар Кеңесінің басшылығымен ұйымдастырылып отырған «Ақ орамал» республикалық акциясы аясы елімізде кеңінен қолдау табуда.

«Ақ орамал» акциясының мақсаты - қазақстандықтарды этностық шығу тегіне, әлеуметтік, діни немесе басқа да ерекшеліктеріне қарамастан бейбітшілік идеясы аясына шоғырландыру. Ядролық қару таратпау ісінде Қазақстан жаһандық көшбасшы мемлекеттің бірі екенін әлемдік қауымдастық мойындады. Осы тұрғыдан келсек, іс-шараның біздің елімізде өтуі заңды деп санаймын.

Осы орайда Рудный орта мектебінде бейбітшілік пен татулықтың қазақтың салт-дәстүрлерін дәріптейтін «Ақ орамал» акциясы бойынша мектеп мұғалімдері бастамасымен ақ жаулықты әжелер, аналардың шақырылуымен деңгелек үстел ұйымдастырылып, іс-шара өткізілді.

Қатысушылардың назарына директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары Ардақ Асылбекқызы видеоматериал ұсынып, аталмыш акция жөнінде жан-жақты ақпарат ұсынды. Кітапханашы Татьяна Григорьевна қазіргі таңда жаппай қырып-жою қаруының лаңкестер қолына тию мүмкіндігін тек фильмдерде емес, шынайы өмірде де орын алуы ықтималдығы орын алып отырғанын айтып, еліміздегі тұрақтылықтың маңыздылығын атап айтты. Ақ жаулықты әжелеріміз көшеге Ұлы Отан соғысында елін қорғауға кеткен ерлерін күтіп, аман оралар деген үмітін ақ орамалға артатыны туралы өткен өмірлерін еске алып, өз ойларымен бөлісті.

Бұл игі шара Қазақстандағы бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау мақсатынан туындап отыр. «Ақ орамал» ұғымы қазақ тарихында зор мәнге ие болған. Ақ - адалдық, пәктік, тазалықтың символы. Ананың ақ сүтін ақтауға деген талпынысы адамның өмірге деген құлшынысын арттырады. Бұл ізп-аналықтың, пәктік ізгіниет символы іспеттес. Көне заманда қазақтарда әйел орамалын шешіп, жанжалдасушы тараптар ортасына тастаса, тараптар жанжалды тоқтатуға міндетті болған. Бейбіт өмірге не жетсін, еліміздің тыныштығы мен ұлтаралық достығы ең маңызды фактор деп санаймын. Мемлекетіміздегі барлық ұлттар арасындағы бейбітшілік пен келісімді сақтау бұл «Ақ орамал» республикалық акциясының көздеген мақсаты болып табылады. Ауданымыздың мекемелерінде де бейбітшілік пен тұрақтылықты көздеген акцияны насихаттау мен дәріптеу жалғасын табады деп үміттенемін.

Әсем АТЫҒАЕВА,
Рудный ОМ-нің қазақ тілі мұғалімі.

Салық төледі кейінге қалдырмаңыздар!

Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы үстіміздегі жылдың 1 қазанында аяқталатын, 2016 жылға жер және мүлік бойынша салықтың үй, пәтер, гараж, саяжай, жер төлемдерінің иелеріне мерзімнің жақындап келе жатқанын еске салады.

Салықты уақытында төлемген жағдайда әрбір күнге өсімпұл есептеледі. Уақытында төлемей әкімшілік жауапкершілікке және салықты сот арқылы қайтаруға әкеліп соғады.

Салықты төлеудің соңғы күндер кезекте көп тұрмау мақсатында салық төлеуді кейінге қалдырмауларыңызды сұраймыз және төлемді кассалық бөлімшелерінде, кез келген банк бөлімшелерінде немесе тұрғылықты мекен жай бойынша селолық округтерде жүргізуге болады.

Жеке тұлғаларға салық төлеу туралы хабарлама келмеген жағдайда мына мекен жайдағы Айыртау ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасына Саумалкөл с., Матросов көшесі 19 үй, №6 кабинетке жолығуыңызды сұраймыз. Анықтама телефоны: 21-441.

Б.КӨШІМБАЕВА,
салық төлеушілермен жұмыс жөніндегі бөлімінің бас маманы.

03.55 X/ф "Ой, мамочки..." 06.00
Мульти утро 06.30 "Сам себе режиссер"
07.20, 02.05 "Смехопанорама" 07.50
"Утренняя почта" 08.30 "Сто к одному"
09.20 Вести-Москва 10.00, 13.00
Вести 10.20 "Смеяться разрешается"
13.20 X/ф "Каминный гость" 15.10 X/ф
"Проше пареной репы" 19.00 Вести не-
дели 21.00 "Воскресный вечер" 23.00
"Дежурный по стране" 00.00 X/ф "Белое
платье" 02.40 "Комната смеха"

Аптадағы ауа райы	Уақыт (жергілікті)	1/09 БС	2/09 ЖМ	3/09 СН	4/09 ЖК	5/09 ДС	6/09 СС	7/09 СР
Ауаның температурасы, С°	12 с. 0 с.	+20 +9	+21 +12	+22 +13	+20 +11	+17 +11	+21 +10	+20 +11
Жауын - шашын (тәулік ішінде)								
Атмосфералық қысым мм сын. бағ.		737	733	726	728	731	734	733
Желдің бағыты		О-Б	О-Ш	О-Ш	О	О-Б	О-Б	О-Б
Желдің шапшаңдығы		3	5	7	4	4	3	3

Ескерту: бес және одан артық тәулікке мәліметтердің нақтылығы төмен болып табылады.

Ойтүрпкі

ҒҰМЫРЫҢ ҰЗАҚ БОЛСЫН, БАЛАМ

Гүлнұрдың баласы Арнұр биыл 11 сыныпты тәмамдаді. Баласы күні-түні ұлттық бірыңғай тәстiлеуге (ҰБТ) дайындық үстiнде. ҰБТ бойынша өтпелi балл 50 екенiн бiлсе де, Гүлнұр баласының бiлiмiне сенiмдi, баласы сабағын жақсы оқитын «Алтын белгiге» үмiткер екенiн бiлетiн. Бiрақ, сонда да жүрегi күптi «Ат шаба ма, әлде бап шаба ма, кiм бiлсiң, балам емтиханын тапсырса болды» деп ойлап қояды. Ертең ҰБТ.

Осындай терең ойда отырғанда үйге аңқылдап кiрген Арнұры «Анашым» деп мұны өркелеп құшақтап жатты. Ол баласына «Алтын белгiнi» ақтай алмасаң үйге келме» деп доқ көрсетiп қойды. «Егер төменгi балл алсам үйге келмейiн бе?», - деп тұтыға сұрады баласы. «Жақсыға тапсыр, ұятқа қалдырма», - деген Гүлнұр. Айтуын айтқанмен айтқан сөздерiне өкiнiп қалды, бiрақ кеш едi. Бала үндемей үйден шығып кеттi.

Таңертең Гүлнұр үйкыдан тұрса, баласы кетiп қалыпты. Үстел үстiнде бiр тарақ қағаз жатыр екен «Анашым, үйге келмей қалсам төмен баға алғаным. Кешiрерсiз менi» деген жазуды оқып «Тамағында iшпептi, емтиханын тапсырса жақсы болар едi» дедi жүрегi алабұрттып.

Түс болды, емтихандары бiтуге тиiс едi, балам неге келмей жатыр деп оны тағатсыздана тосты. Бiр кезде баласына айтқан кешегi сөздерi мен баласының таңертең жазып кеткен хаты еске түсiп, жүрегi шым өте түстi. Есi ауысқандай үстелдiң үстiнде жатқан жергiлiктi газеттi қолына қыстыра сап, мектепке қарай жүгiрдi. Мектеп жанында ата-аналар ҰБТ-дан шыққан балаларын құттықтап жатыр екен. Баласын iздеп едi көрiнбедi, баласының сыныптастарынан Арнұрын сұрап едi, оның әлгiнде ғана өзен жаққа кеткенiн айтты. Бұл өзендi бетке алып жүгiре жөнелдi.

Өзенге жақындай бере, көпiр үстiне қараңдап жүрген адамды көрiп, жанұшыра көпiр үстiне көтерiлсе, өзiнiң Арнұры, көпiрдiң жақтауынан ұстап, аласұрып ағып жатқан өзенге қарап тұр екен. Бұл баласын шошытып

алмайын деп, ақырын келiп баласының йғынан ұстап «Балам» деп едi, ол селкi өте түсiп «Анашым, мен «Алтын белгiнi» ақтай алмадым, өндi грантпен оқуға түсе алмайтын болдым. Ендi сенiң бетiңе қалай қараймын деп ойланып тұр едiм», - дедi кемсепдеп.

«Құлыным, сен менi кеш, кеше не айтып, не қойғанымды өзiмде байқай алмай қалдым, сен қара қанаттанғанша, өмiрдiң сансыз қиын соқпақтары кездеседi, жасымай соны жеңе бiл. Университетке мiндеттi түрде түссен, тiптен оқуға биыл түсуге де мүмкiншiлiгiң бар, мына газеттiң жарнамасында Көкшетау қаласындағы бiр жоғары оқу орны түсем дегендерге өз тарапынан грант бөлiп, емтихан қабылдайтын көрiнедi, сен сол грант-ты иемдену үшiн бүгiннен қалмай сол университетке құжатыңды бер. Мен жарнамада көрсетiлген телефонға қоңырау шалайың, - деп ұялы телефонымен қабылдау комиссиясына қоңырау шалып едi, ар жақтан қоңыр дауыс естiлдi, Гүлнұр дауысы дiрiлдей, - балам биылғы ҰБТ-тан «Алтын белгiнi» ақтай алмады. Жарнамаларыңызда университет тарапынан грант бөлген көрiнесiздер. Сол грантқа менiң баламның үмiтi бар ма?.. Өтiнемiң, сiз баламмен сөйлесiп, осыны түсiндiрiңiзшi», - деп телефонды баласының қолына ұстата салды.

Баласы телефонды қолына алып едi, ар жақтан салмақты дауыс естiлiп жатты, оның сөзiн естiп тұрған баласының жүзi жайнап бара жатты, бұны байқап тұрған ананың да көзiнен жас ыршып кеткен, бiр кезде баласы «Мама, құжаттарыңды әкел деп жатыр, мен құжаттарымыды аталмыш университетке тапсырып грантын жеңiп аламын», - деп жүзi бал-бұл жайнап, үйiне қарай құстай ұшып бара жатты.

Анасы болса, баласының сағыммен жарысып үйiне қарай құлдырындап бара жатқанын көрiп «Аңдамай сөйлеп, жалғыз баламнан айрылып қала жаздадым ғой, ғұмырың ұзақ болсын, балам» деп егiлiп жылап тұр едi.

Ерсiн ЕРФАЛИЕВ.
Қаратал ауылы.

ТҰРҒЫНДАРҒА ЖАДЫНАМА

Терроризм актiсi қатерiнiң туындауы туралы халықты ақпараттандыру мақсатында, террористiк қауiптiлiктiң бiрқалыпты («сары»), жоғары («қызыл») және шектi («қызыл») деңгейлерi орнатылуы мүмкiн.

Бiрқалыпты деңгейде келесi iс-әрекеттер ұсынылады:

Қоғамдық орындарда болған кезде айналадағылардың әрекеттерiнiң оғаштығына және сыртқы түрiне, иесiз күдiктi заттар мен автокөлiктерге назар аудару.

Барлық күдiктi жағдайлар жөнiнде құқық қорғау органдарына хабарлау.

Полиция тарапынан белсендi көңiлге түсiнiстiк бiлдiрiп, оларға көмек көрсету.

Күдiктi заттарды уақытша сақтау және тасымалдау үшiн қабылдамау.

Күдiктi заттарға жақындауға, қозғалтуға және ашуға тыйым салынады.

Жанұядағы көрiлер мен балаларға барлық табылған иесiз заттар олардың өмiрiне қауiп төндiретiндiгiн түсiндiру.

Облыс аймағында орын алған оқиғалар жөнiнде хабардар болу.

Жоғары деңгейде ұсынылады:

Халық шоғырланатын орындарға баруды шектеу.

Полиция қызметкерлерiнiң талабы бойынша жеке күелiктi немесе басқа да құжаттарды ұсыну.

Қоғамдық ғимараттарда болғанда өрт кезiнде қолданатын қосалқы шығу есiктерiнiң және көрсеткiштердiң орналасуына көңiл аудару.

Тұрғын үйлердiң маңындағы бейтаныс адамдар мен автокөлiктерге көңiл аудару.

Аса пiшiндi заттарды өзiмен бiрге тасымалдаудан бас тарту.

Жанұя мүшелерiмен төтенше жағдай туындағанда iс-әрекеттер жоспарын талқылау.

Шектi деңгейде бiрқалыпты және жоғары деңгейлерде атқарылатын iс-әрекеттерден басқа ұсыналады:

Тұрып жатқан үйдiң тұрғындарының кезекшiлiгiн ұйымдастыру, бөтен адамдар мен автокөлiктердiң пайда болуына көңiл бөлу.

Террористiк қауiптiлiктiң деңгейi орнатылған аудандарға жол жүрудi кейiнге ауыстыру.

Эвакуацияға дайындалу.

Терроризм актiсi жасалған орында дүрбелендiкке берiлмеу, қызығушылық танытпау, бейне және фото түсiрiлiм жүргiзбеу.

Теледидар немесе радиоқабылдағышты үнемі қосылған күйi ұстау.

Терроризм актiсiнiң қауiпi жөнiнде жалған ақпаратты таратпау.

АЙЫРТАУ ТАҢЫ

БАСПАСӨЗ-2016

Құрметті оқырман қауым!

Жыл бойы «Айыртау таңы» үзбей оқыған қалың қауыммен алдағы кезде де қайта қауышамыз деген ниетіміз және қатарымыз бұрынғыдан да толығырақ түседі деген үмітіміз. Қазақ халқының ұлттық құндылықтары: ана тілімізді, дініміз бен ділімізді, салт-дәстүрлерімізді насихаттаумен қатар, Тәуелсіз Қазақ елінің, туған ауданымыздың жаңа ғасырғағы жаңаша даму тарихын оқырман назарына уақытында жеткізуге тырысатын, аудан тұрғындарын қуанғанда қолға, қайғырғанда жұбатып, көңілдеріңіздің алуан күйін бөлісетін, жандарыңызға жақын, ақыл-ойға серік, өздеріңіздің төл газеттеріңіз – «Айыртау таңына» жазылуға шақырамыз!

Жазылу бағасы: 6 айға – 1040 теңге.

Меншік иесі және басып шығарушысы «Айыртау-Информ» ЖШС-і. Газет аудан әкімінің, аудандық мәслихаттың тапсырысы бойынша басып шығарылады және мемлекеттік ақпараттық саясатты жүргізуде ресми басылым болып табылады.

Директор, баспаның бас редакторы Ирина БУРКОВСКАЯ Редактор Бағлан ҚОЖАҚОВ Редакцияның адресі: Солтүстік Қазақстан облысы, Саумалкөл селосы, Конституция көшесі, 72. Телефон 21-4-85, эл пошта:airtau_tany@mail.ru

Тілші Мақпал ӘЛМАҒАНБЕТОВА Басушы-теруші Елена НЕСВЕТЕЕВА Газет Петропавл қ., Мүсірепов көшесі 34 В үйдегі «Газетный двор» ЖШС-і баспасында басылған.

Индексі 65844. Таралымы 1580, № 1250 тапсырыс Қазақстан Республикасының Мәдениет, Ақпарат және қоғамдық келісім Министірілігінде 30.05. 2008 жылы есепке қойылған. Есепке қою № 9246-Г. Газет бейсенбі күні шығады. Газетте жарық көрген оқырман пікірлері редакцияның кезқарасын білдірмейді, жарияланбаған материалға жауап берілмейді.

Қыркүйек айына Айыртау аудандық мәслихатының хатшысының және облыстық, аудандық депутаттардың азаматтарды қабылдау КЕСТЕСІ

(сағат 15:00-ден 17:00-ге дейін)

Солтүстік Қазақстан облыстық мәслихатының депутаттары

Махметов Сейілбек Ғазизұлы, айдың екінші дүйсенбісі, аудандық мәслихат.
Мантариди Василий Анатольевич, айдың үшінші дүйсенбісі, аудандық мәслихат.

Айыртау аудандық мәслихатының депутаттары

Жанахметов Берік Темешұлы, № 2 сайлау округі, аудандық мәслихат, 5 қыркүйек.
Есенғалиев Сырымбет Қайрошұлы, № 1 сайлау округі, аудандық мәслихат, 8 қыркүйек.
Тілеубаева Раушан Райымжанқызы, № 8 сайлау округі, аудандық мәслихат, 14 қыркүйек.
Олжабаева Мәдігүл Олжабайқызы, № 3 сайлау округі, аудандық мәслихат, 16 қыркүйек.
Бәйтенев Айдарбек Ағзамұлы, № 4 сайлау округі, аудандық мәслихат, 19 қыркүйек.
Бурковская Ирина Юлиановна, № 14 сайлау округі, аудандық мәслихат, 22 қыркүйек.
Ақмолдин Еркін Қапезұлы, № 5 сайлау округі, аудандық мәслихат, 26 қыркүйек.
Байғарин Алмас Манасұлы, № 13 сайлау округі, аудандық мәслихат, 28 қыркүйек.
Жандосова Ботакөз Төребекқызы, № 10 сайлау округі, аудандық мәслихат, 30 қыркүйек.
Саумалкөл с. Ш.Уәлиханов көшесі, 44 үй.
Анықтама телефоны 21-902. Алдын ала жазылу.

2016 жылдың қыркүйек айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының Қоғамдық қабылдау бөлмесінде азаматтарды қабылдау кестесі

Р/с №	Күні	Қабылдау-шының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	02.09.2016 ж.	Махметов Аманбек Ғазизұлы	Айыртау ауданы әкімінің орынбасары (келісім бойынша)
2	07.09.2016 ж.	Тастеміров Ағзам Ахметжанұлы	Айыртау ауданының әкімі, «Нұр Отан» партиясы Айыртау аудандық филиалының төрағасы (келісім бойынша)
3	09.09.2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ы төрағасының бірінші орынбасары
4	14.09.2016 ж.	Авксентьева Ирина Вильевна	Айыртау ауданының әділет басқармасының басшысы (келісім бойынша)
5	16.09.2016 ж.	Сердалин Навои Мақатайұлы	№12 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
6	21.09.2016 ж.	Тілеубаева Раушан Райымжанқызы	Айыртау ауданының жұмыспен қамту орталығының директоры (келісім бойынша)
7	23.09.2016 ж.	Бурковская Ирина Юлиановна	№ 14 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)
8	28.09.2016 ж.	Ғабдуллин Әбілғазы Советұлы	Айыртау ауданының ішкі істер бөлімінің бастығы (келісім бойынша)
9	30.09.2016 ж.	Махметов Сейілбек Ғазизұлы	№ 2 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан облыстық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі және жұма күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл ауылы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат).
Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

2016 жылдың қыркүйек айында «Нұр Отан» партиясы Айыртау аумақтық филиалының сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшелерімен азаматтарды қабылдау кестесі

Р/с №	Күні	Қабылдаушының Т.А.Ә.	Негізгі жұмыс орны бойынша лауазымы
1	07. 09. 2016 ж.	Молдахметов Саят Ғазизұлы	Аудандық орталық аурухананың бас дәрігері, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесі төрағасының орынбасары (келісім бойынша)
2	14.09. 2016 ж.	Ахметжанов Болат Қадырұлы	«Нұр Отан» партиясы АФ-ның сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі Қоғамдық Кеңесінің мүшесі, «Нұр Отан» партиясының АФ төрағасының бірінші орынбасары
3	21.09. 2016 ж.	Тұралинов Мырзабай Шәріпұлы	№1 Саумалкөл ОМ-нің директоры, партиялық бақылау комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» партиясы Айыртау АФ Саяси кеңесінің Бюро мүшесі (келісім бойынша)
4	28.09. 2016 ж.	Бәйтенев Айдарбек Ағзамұлы	Батыс АЭЖ «Көкшетау-Энерго» филиалының директоры, №4 сайлау округі бойынша «Нұр Отан» партиясынан аудандық мәслихаттың депутаты (келісім бойынша)

Ескерту: Азаматтарды қабылдау апта сайын сәрсенбі күндері 15.00-19.00 сағатта филиалдың кеңсесінде мына мекен-жайда жүргізіледі: Саумалкөл селосы, Ш. Уәлиханов көшесі, 42-А (2 қабат). Қабылдауға алдын ала жазылу мына телефондар арқылы: 22-722, 79-062.

САТЫЛАДЫ

*** ШҰҒЫЛ!** Малдануға немесе етке 15 бас қой сатамын.

Әлжан ауылы. тел: 52-250.

Нұртай Бимендин.

(3-3).

* * *

Семіртүлі тұрған тай мен құнан сатамын.

Кирилловка ауылы. тел: 24-168. Ұялы тел: 87025670312.

(2-2).